

Советканова Дамира Маратовнаның бD010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: «Магистранттардың андрагогикалық субъектілігін дамыту».

Зерттеудің мақсаты: магистранттардың андрагогикалық субъектілігін дамытуды теориялық тұрғыдан негіздеу, кешенді бағдарламасын жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізу.

Зерттеу міндеттері:

1. Магистранттардың андрагогикалық субъектілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау.

2. «Магистранттардың андрагогикалық субъектілігі» ұғымының мәнін, құрылымын, функциясын нақтылау.

3. Магистранттардың андрагогикалық субъектілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау.

4. Магистранттардың андрагогикалық субъектілігін дамытудың айқындалған дидактикалық ерекшеліктері негізінде кешенді бағдарлама даярлап, тәжірибелік-эксперименттен өткізу.

Зерттеу әдістері: *теориялық:* зерттеу мәселесі бойынша мұрағат, кітапхана қорындағы құжаттарды ретроспективтік, интроспективтік, перспективтік тұрғыдан сараптау; жүйелілік, құрылымдық, компаративистік, герменевтикалық талдау; индукция, дедукция; *эмпирикалық:* сауалнама, әңгімелесу, педагогикалық бақылау, тестілеу, эксперимент т.б; зерттеу бойынша алынған нәтижелерді өңдеудің *математикалық-статистикалық* әдістері қолданылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да қорытындылар):

1. Адамзат дамуының басты шарты – білімнің сабақтастығы мен үздіксіздігінде. Үздіксіз білім беру: ашықтығымен, көпсатылылығымен, көпдеңгейлілігімен, көпфункционалылығымен ерекшеленеді. Соның бір сатысы ретінде магистрлік білім беруді жүзеге асырудың теориясы және тәжірибесі көптеген философиялық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-мәдени саласындағы зерттеулерге нысан болған.

2. Қазіргі психологиялық білімдер жүйесінде «субъект» ұғымы әр бағыттағы ғылыми ұстанымдарға байланысты анықталады. «Магистранттардың андрагогикалық субъектілігі» жоғарыдан кейінгі басқыштағы ересек магистранттың мақсаткерлігі, бастамашылдығы, оқу және зерттеу жұмысына деген жоғары ынтасы, өзін орындаушы ретінде түсінуі және жүзеге асыруы, өзінің оқу әрекетін басқарудағы белсенділігі мен іскерлігінен тұратын қасиеттер жиынтығы және өз белсенділігін саналы түрде өзгертуге мүмкіндік беретін бір деңгейден екінші, яғни жаңа деңгейге ауысып отыратын сапасы.

3. Магистранттардың андрагогикалық субъектілігін дамыту моделі - жүйелілік, синергетикалық, тұлғалық-іс-әрекеттік, акмеологиялық, құзыреттілік, андрагогикалық тұғырларға негізделген, өлшемдері, көрсеткіштері, әдістері, технологиялары мен зерттелініп отырған сапаның деңгейлері айқындалған, мотивациялық, танымдық, әрекеттік, рефлексивтік компоненттерден тұратын құрылым.

4. Магистранттардың зерттеліп отырған сапасын дамытудың «Белсенділік баспалдақтары» атты кешенді бағдарламасы мәселенің теориялық қағидалар жүйесіне сай түзілген, андрагогикалық белсенділіктің жаңа деңгейіне жетудің сәйкес әдістері мен технологиялары негізінде білім алушының өз оқу және зерттеушілік іс-әрекеттерінің бағытын өз бетінше белгілеу, мақсатқа жету жолын таңдау, жүзеге асыру және нәтиже алу, оны бағалау, қажет болған жағдайда түзетуден тұрады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

– «магистранттардың андрагогикалық субъектілігі» ұғымының мәні, құрылымы, функциясы нақтыланды;

– магистранттардың андрагогикалық субъектілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталды;

– магистранттардың андрагогикалық субъектілігін дамытуды нәтижелі ететін «Белсенділік баспалдақтары» атты кешенді бағдарлама әзірленді, тәжірибеден өткізілді;

– ЖОО оқытушылары үшін «*Андрагогикалық субъектілікті дамыту дидактикасы*» атты оқу-әдістемелік құрал, «*ЖОО оқытушыларының андрагогикалық құзыреттілігін дамыту*» тақырыбындағы 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсының оқу-тақырыптық жоспары, 7М01101 – «Педагогика және психология», 7М01103 – «Білім берудегі менеджмент» мамандықтарының білім беру бағдарламаларының мазмұнына қосымшалар мен «*Магистранттардың даму орталығының*» Ережесі даярланды.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын және ғылыми даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін негіздеу:

Бірінші нәтиженің жаңалығы диссертанттың философиялық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-мәдени саласындағы зерттеулерге теориялық талдау жасап, тәжірибені сараптап, зерттеу басшылыққа алатын әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың айқындалуымен негізделеді. Алынған нәтиженің маңыздылығы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасы; ҚР Үкіметінің 2021 жылғы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы; ҚР «Ғылым туралы» Заңымен сәйкес келуімен дәйектеледі.

Екінші нәтиже зерттеу мәселесіне қатысты еңбектерді зерделей келе, «субъект», «андрагогикалық субъектілік», «магистранттардың андрагогикалық субъектілігі» ұғымдарының өзара байланысын ашып, зерттеудің түйінді ұғымының құрылымы айқындалып, авторлық тұрғыдан түсіндірілуімен жаңа болып табылады.

Үшінші нәтиженің жаңалығы магистранттардың андрагогикалық субъектілігін дамытудың жүйелілік, синергетикалық, тұлғалық-іс-әрекеттік, акмеологиялық, құзыреттілік, андрагогикалық тұғырларға негізделген өлшемдері, көрсеткіштері, әдістері, технологиялары мен деңгейлері айқындалған, мотивациялық, танымдық, әрекеттік, рефлексивтік компоненттердің жиынтығынан тұратын құрылымдық-мазмұндық моделінің алғаш рет жасалуымен негізделеді.

Төртінші нәтиженің жаңалығы магистранттарды андрагогикалық белсенділіктің жаңа деңгейіне жетудің сәйкес әдістері мен технологияларын басшылыққа алып, олардың өзінің оқу және ғылыми іс-әрекетінің мақсатын өз бетінше белгілеуі, мақсатқа жету жолын таңдауы, мақсатқа жетуді жүзеге асыру және нәтиже алу, оны бағалау, қажет болған жағдайда түзету әрекеттерінен тұратын «Белсенділік баспалдақтары» атты кешенді бағдарламаның мазмұны жасалып, тәжірибеден өтіп, тиімділігі тексерілуімен сипатталады.

Зерттеудің практикалық нәтижесін «*Андрагогикалық субъектілікті дамыту дидактикасы*» атты оқу-әдістемелік құралдың; «*ЖОО оқытушыларының андрагогикалық құзыреттілігін дамыту*» тақырыбындағы 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсының оқу-тақырыптық жоспарының,

7М01101 – «Педагогика және психология», 7М01103 – «Білім берудегі менеджмент» мамандықтарының білім беру бағдарламаларының мазмұнына қосымшалар мен «*Магистранттардың даму орталығының*» Ережесінің әзірленуі дәйектейді. Ізденушінің зерттеу жүргізу барысында университетішілік ғылыми жобаның қатысушысы ретінде «*Үздіксіз білім беру жүйесінде ересектерді оқыту: теория және тәжірибе*» атты монография жазуға қосқан үлесі де маңызды нәтижеге жатады.

Докторанттардың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау (диссертация авторының үлесі жалпы мәтіннен пайызбен көрсетіледі)

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша 11 авторлық бірлестікте жазылған ғылыми еңбектер жарияланды. Оның 6-уі ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, 2 мақала Scopus базасындағы басылымдарда, 2 мақала ХҒПҚ материалдары жинақтарында және 1 монография түрінде жарық көрді. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу тақырыбында дайындалған.

1. *Criteria of subjectivity of masters students instructional technology and education degree program // «World Journal on Educational Technology: Current Issues»*_(Cyprus), -2021.-Vol.13 Iss.4.-P.684-695/ ISSN 1309-1506 (Co-authors: Nurlanbekovna U.A., Shalabayeva L.I., Askarovna B.L., Armysovna K.N., Sarsembayeva E.Y. - 50 %). Мақалада қазіргі психологияда адамның белсенді, конструктивті позициясын көрсететін субъект және субъектілік мәселесі талданып, жоғары білім беру саласында тұлғаның бұл қасиеттерін дамытудың технологиялары сипатталады.

<https://un-pub.eu/ojs/index.php/wjet/article/view/5950>

2. *Innovative Methods and Technologies of Training Specialists in Postgraduate Pedagogical Education // International Journal of Emerging Technologies in Learning. – 2021.-Vol.16, Iss.19.-P.109-123 / ISSN 1868-8799 (Co-authors: Turgunbayeva B., Chinibayeva G., Aiman B., Imansydykova N. 60 %).*

Мақалада жоғарыдан кейінгі білім берудің шетелдік, отандық тәжірибесі зерделеніп, магистрлік деңгейде білім алушылардың оқу және ғылыми әрекеттерде белсенділігін арттыруға ықпал ететін жолдар мен шарттар сипатталады.

<https://online-journals.org/index.php/i-jet/article/view/26041>

3. *Психология ғылымындағы субъект категориясына теориялық сипаттама // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы «Психология» сериясы. – Алматы, - 2018.- №2 (55), -Б. 188-193 (100 %)* Мақалада «субъектіліктің» құраушыларын анықтау үшін ғылыми еңбектерге кең ауқымды талдау жасалады, бұл сапаның тұлғаның қандай да іс-әрекетті, қарым-қатынасты және өзіндік даму процесін дамытып, жетілдіруге деген қатынасын өзекті ететін әлеуеті, біртұтас динамикалық психологиялық құрылым, қасиет, ерекшелік, мүмкіндік, ұстаным ретінде анықталып, сипаттама жасалған. Сонымен қатар, субъектіліктің мәндік сипаттары жинақталып көрсетіледі.

https://www.kaznpu.kz/docs/vestnik/seria_psychology /1_2018.pdf

4. *Педагогтың кәсіби мәдениетіндегі педагогикалық әдеп этикасы мен эстетикасы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -Нұр-Сұлтан,- 2018. - №2 (56),-Б. 138-141 (М.А.Нуриев, А.А.Айнакулова авторлық бірлестікте, 80%)*.

Мақалада қазіргі заман мұғалімінің педагогикалық этикасы мен эстетикасы, сөйлеу мәдениетінің мән-маңызы ересек мамандарды білімдендіру тұрғысынан жан-жақты қарастырылады. Кәсіби қарым-қатынастың нәтижелі болуын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар мен тұжырымдар беріледі.

<https://www.naukaizhizn.kz/kz/journals/nauka-i-zhizn-kazakhstan-2-56-2018>

5. *«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудағы педагогикалық шығармашылдық// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. - Нұр-Сұлтан, - 2018. - №4 (61),-Б. 11-15 (М.А.Нуриев, А.А.Айнакулова авторлық бірлестікте, 80%)* Мақалада «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асыруда қазіргі заман мұғалімінің педагогикалық шығармашылдығының мән-маңызы жан-жақты қарастырылады. Көп мәселелердің шешімінің тиімділігі мұғалім тұлғасының шығармашылығына байланыстылығы негізделіп, андрагог педагогтың шығармашылық әрекеті сипатталады.

<https://www.naukaizhizn.kz/kz/journals/nauka-i-zhizn-kazakhstan-4-61-2018>

6. *Психологические особенности обучения взрослых // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы «Психология» сериясы. – Алматы, - 2019. - №1 (58), - Б.120-124 (Ж.А. Сейсенбаева авторлық бірлестікте, 80%)* Мақалада үздіксіз білім беру жүйесінде ересектерді оқытудың психологиялық ерекшеліктері сипатталады. Ересек адамдарды оқытуды ұйымдастырғанда қазіргі білім беру жағдайында олардың тап болатын қиыншылықтары келтіріледі.

http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20190429055453.pdf

7. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың зерттеушілік белсенділігін арттырудың жолдары// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -Нұр-Сұлтан,- 2019. - №2 (78),-Б. 137-140. (Умирбекова А.Н. авторлық бірлестікте, 90%) Мақалада жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың зерттеушілік белсенділігін арттырудың жолдары сипатталады. Ересектердің алған білімді өз мәселесін шешуде тиімді пайдалана алуының жолдары мен ересек адамның өз білім, білік, дағдыларын әрдайым жаңартып отыруына, қосымша білім алуына қажетті шарттар келтіріледі.

<http://www.naukaizhizn.kz/kz/journals/nauka-i-zhizn-kazakhstan-2-78-2019>

8. Үздіксіз білім беру жүйесінде ересектерді оқыту ерекшеліктері// Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы.- Алматы,-2019.- №1(61),-Б. 242-247 (Ж.А. Сейсенбаева авторлық бірлестікте, 90%) Мақалада үздіксіз білім беру жүйесінде ересектерді оқыту ерекшеліктері, оқытуды ұйымдастыруда кездесетін қиыншылықтар келтіріледі. Көптеген шетел ғалымдарының андрагогика туралы тұжырымдамалары салыстырылып көрсетіледі.

http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20190529031225.PDF

9. Становление субъектности учащихся в процессе обучения / Молодая наука: актуальные проблемы экономики, права и психологии: Дни науки БГИ: Сборник материалов Межвузовской ежегодной конференции молодых ученых. 05.12.2018. СПб:БГИ, 2018. С.38-42 (Б.А.Тұрғынбаева авторлық бірлестікте, 60%) Мақалада субъектілік мәселесіне қатысты зерттеу салаларымен және бағыттары, мазмұны мен құрылымын әдіснамалық бейнелеудің әртүрлі тәсілдері сипатталады. Соның ішінде білім алушылардың оқу процесі кезіндегі субъект ретінде дамуына әсер ететін факторлар көрсетіледі. <http://bhi.spb.ru/nauchnaya-deyatelnost/konferencii/ezhegodnaya-konferenciya-molodyh-uchenyh-dni-nauki-bgi>

10. Развитие субъектности магистрантов в процессе обучения/ Материалы XXIV Симпозиума. Психологические проблемы смысла жизни и акме. - Москва-2019. С.170-174 (100 %) Мақалада болашақ магистрлердің субъектілігін анықтау және зерттеу критерийлері мен көрсеткіштері туралы мәселе қарастырылады. Магистратурадағы студенттерді оқытудың әдістері сипатталады. <http://www.pirao.ru/images/labs/gporl/XXIV-simposium-2.pdf>